

С.Б.Ерханова* 

Магистрант

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

symbat_erkhanova@mail.ru

Д.М. Атқан 

Магистрант

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

Б.Б. Нурумова 

Магистрант

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

Г.А. Тусупбекова 

Медицина ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ БАҒАЛАУ

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде инклюзивті биологиялық білім берудің қазіргі жағдайы мен даму тенденциялары, сондай-ақ өзекті мәселелері қарастырылады. Жұмыстың мақсаты – инклюзивті биологиялық білім берудесәтті жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар, әдістер мен тәсілдерге талдау жасап, инклюзивті білім беру үдерісіне табысты енгізуге ықпал ететін факторларды және кедергі келтіретін кемшіліктерді анықтау. Қазақстан өзінің білім беру тәжірибесін жаһандық стандарттарға сәйкестендіруге ұмтылып жатқандықтан, инклюзивті биологиялық білім беруді мұқият бағалау уақтылы ғана емес, сонымен қатар неғұрлым әділ және қолжетімді оқу ортасын қалыптастыру үшін маңызды, сондықтан ұсынылып отырған зерттеу жұмысы жалпы білім беретін мектептердегі инклюзивті биологиялық білім берудің қазіргі жағдайын анықтауға тырысады, оның жетістіктері мен жақсартуды талап ететін кемшіліктерді белгілейді. Зерттеу жұмысын жүргізу үшін Қазақстанның әр аймағында жұмыс істейтін 105 биология пәні мұғалімдерінен сауалнама алынды. Алынған нәтижелер инклюзивті биологиялық білім берудің маңыздылығын растайды, сонымен бірге мектептегі биология пәнін табысты енгізу үшін заманауи технологиялар мен жеке оқыту тәсілдерін дамытуды және осы салада әдістемелік – материалдық ресурстарды жетілдіру қажеттілігін көрсетеді. Зерттеу Қазақстанның жалпы білім беретін мектептеріндегі инклюзивті биологиялық білім берудің теориялық түсінігін кеңейтіп, білім беру тәсілдерін жетілдіруде құнды болып табылады, осы арқылы инклюзивті білім беру тәжірибесін дамытуға және мұғалімдердің кәсіби өсуіне ықпал ету бойынша практикалық ұсыныстарды ұсынады.

Тірек сөздер: жалпы білім беретін мектеп, инклюзия, инклюзивті білім беру, бағалау, тенденция, инновациялық әдістер

Кіріспе. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың негізгі стратегиялық бағыттарының бірі – тұрақты дамудың төртінші мақсатына қол жеткізу, атап

айтқанда, барлық азаматтардың сапалы білім алуына жәрдемдесу.

Елбасы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – елдің

өркендеуінің берік негізі» атты халыққа жолдауында білім беру жүйесі жай ғана қолжетімді емес, сонымен бірге шабыттандыратын инклюзивті болуы керек деген идеяны жоғары қояды [1]. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға өнімді және тәуелсіз өмір сүруге, айналадағы адамдармен қарым-қатынас орнатуға қабілетті толыққанды азамат ретінде енуіне мүмкіндік береді [2]. Осы ұмтылыс аясында мектептегі оқу ортасын барлық балалар үшін, оның ішінде мінез-құлқы мен оқуында қиындықтары бар балалар үшін жоғары сапалы білім беру саласына айналуы және олардың қоғамдық өмірге интеграциялануы үшін үйлестіру маңызды бағыт болып табылады.

Қазақстанда инклюзивті білім беру көптеген жетістіктер мен қиындықтарға толы серпінді кезеңнен өтуде. Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2025 жылға қарай барлық мектептер мен балабақшалар, сондай-ақ колледждер мен ЖОО-лардың 70 пайызы инклюзивті білім беруді енгізу үшін жағдайларды қамтамасыз етуі көзделген. Осы тұрғыда бұл зерттеу білім беру саласында жүргізіліп жатқан стратегиялық мақсаттар мен реформаларды ескере отырып, Қазақстанның жалпы білім беретін мектептеріндегі инклюзивті биологиялық білім беруді кешенді бағалауға бағытталған. Қазіргі жағдайды талдай отырып, табысты тәжірибелер мен проблемалық мәселелерді анықтай отырып, біз заманауи білім беру саясатының айнымас бөлігі саналатын білім беру жүйесін одан әрі жетілдіруге үлес қосуға ұмтыламыз.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Қазақстанның жалпы білім беретін мектептеріндегі инклюзивті биологиялық білім беру жүйесінің жай-күйі туралы жан-жақты шолу жасау және нәтижесін бағалау мақсатында Қазақстанның әр түрлі облыстарында қызмет ететін 105 білікті

биология пәні мұғалімдері арасында сауалнама жүргізілді.

Сауалнама электрондық нысандар арқылы 2023 жылдың желтоқсан және 2024 жылдың қаңтар айлары аралығында жүргізілді. Респонденттерге өз пікірлерін, ұсыныстарын және бағаларын еркін түрде жеткізуге мүмкіндік берілді. Алынған нәтижелер статистикалық және сандық талдау әдістері арқылы талданды.

Зерттеу үшін инклюзивті биологиялық білім берудің негізгі мәселелерін ескере отырып әзірленген 2 бөлімнен тұратын сұрақтардан тұратын құрылымдық сауалнама пайдаланылды. Сауалнаманың бірінші бөлімінде респонденттердің Қазақстанның қайсы облысында немесе қаласында жұмыс жасайтындығы, білім саласындағы жалпы еңбек өтілі және ерекше білім беру қажеттілігі (**бұдан әрі – ЕББҚ**) бар оқушылармен жұмыс тәжірибесі туралы сұралды. Ал, екінші бөлімдегі сұрақтар Қазақстандағы биологиялық білім берудегі инклюзивтілік деңгейін бағалау, инклюзивті оқыту барысында туындайтын қиындықтар мен инклюзивті биологиялық білім беру үшін тиімді оқыту стратегиялары, жетістіктер және тағы да басқа мәселелерді қамтыды.

Сауалнамада төмендегі сұрақтар пайдаланылды:

1. Қазіргі уақытта Қазақстандағы инклюзивті білім беру деңгейін қалай бағалар едіңіз?

2. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар үшін биология пәнін инклюзивті оқыту арқылы қандай оң өзгерістер байқадыңыз?

3. Сіздің мектебіңіз биология пәнін оқыту үшін ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға қандай қолдау түрлерін көрсетеді?

4. Инклюзивті биологиялық білім беру үшін қандай оқыту стратегияларын тиімді деп санайсыз?

5. Ерекше қажеттіліктері бар бар оқушыларды оқытуда өз пәніңіз бойынша

қандай заманауи технологиялар мен әдістерді қолданасыз?

6. Сіздің мектебіңізде инклюзивті биологиялық білім беруді жүзеге асырудағы негізгі кедергілер қандай?

Сауалнамаға Түркістан облысынан 45 (42,8%), Алматы қаласынан 18 (17,1%) және Шымкент қаласынан 9 (8,6%) респондент қатысты. Сонымен қатар, Жамбыл облысынан 5 (4,8%) респондент, Қызылорда облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Алматы және Ақтөбе облыстарынан жалпы саны 16 (15,2%) респонденттен, Атырау және Ақмола облыстарынан 6 (5,7%) респондент, Қарағанды қаласынан 3 (2,9%), сондай-ақ өзге өңірлерден, атап айтсақ Астана, Семей, Қостанай қалаларынан 1 респонденттен (2,9%) қатысты.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің білім саласында қанша жыл өтілі бар екендігі сұралды. Сауалнама бойынша, 30 (28,6%) респондент 5 жылдан аз, 19 (18,1%) респондент 5-10 жыл, 20 (19%) респондент 10-15 жыл, 8 (7,6%) респондент 15 жылдан астам, 16 (15,2%) респондент 20 жылдан астам және 11 (10,4%) респондент 30 жылдан астам уақыт биология пәні мұғалімі болып мектепте жұмыс жасап, білім беру саласында қызмет жасап жатқандығын көрсетті.

Әдебиетке шолу. Инклюзивті білім беру Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін дамытудың маңызды да, өзекті стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

Көптеген ғалымдар әлеуметтік құбылыс ретінде инклюзивті білім беру туралы қоғамда мүгедектікке және мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) қарым-қатынастың ерекше мәдениетін қалыптастыру, олардың әлеуметтенуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау қажеттілігі туралы айтады [3]. ЕББҚ бар адамдарды білім беру жүйесіне бейімдеу мәселесі мүгедектік туралы жаһандық дискурстағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады [4].

Инклюзивті білім беру проблемаларын зерттеумен қазақстандық және шетелдік ғалымдар айналысады. С. Зейнолла, А.Нұрғалиева, С. Нұрғалиева қазіргі уақытта Қазақстанда белгілі бір модельдер қалыптасқанын және инклюзивті білім беру жүйесін құру тәжірибесі жинақталғанын атап өтті. Дегенмен, жоғары және орта деңгейдегі оқу орындарында инклюзивті білім беруде оқытудың инновациялық түрлерінің жеткіліксіз қолданылуы, сондай-ақ озық халықаралық тәжірибені пайдаланудың жетіспеушілігі байқалады [5].

Жаңа және жас тұжырым ретінде Қазақстанда инклюзияға назар аудару мақсатында проблемалар үнемі көтеріліп, зерттеліп отырады. Көптеген ғылыми мақалаларда инклюзия әлеуметтік тұжырымдама, білім берудің жаңа түрі, жалпы білім беруді дамытудың көп деңгейлі процесі ретінде қарастырылады, қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың қазіргі кезеңінде инклюзивті білім беру практикасының табысты дамуына кедергі келтіретін "кемшіліктер" анықталады [6]. Қазақстанда инклюзивті білім беруді енгізуде бірнеше қиындықтар бар, соның ішінде елдегі мүгедек балаларды бағалау және жіктеу жүйесі, мұғалімдердің сегрегацияға басымдық беруі және ата-аналардың мүгедек балаларын жалпы білім беретін мектептерге қабылдаудағы қиындықтарғрот ерекше атап көрсетіледі [7]. Сонымен қатар, Қазақстан мұғалімдерінің инклюзивті білімге деген көзқарасы олардың инклюзивті білім беруді енгізуге бейім еместігін және ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу үшін мұғалімдерді арнайы оқыту қажеттілігін көрсетеді [8]. Бұл проблемалар оқу үдерісіндегі ресурстық, жүйелік, ұйымдастырушылық және өзара әрекеттесу мәселелерімен одан әрі күрделене түседі [9]. Осы міндеттерді шешу үшін мұғалімдердің кәсіби дайындығын қамтамасыз ету және

инклюзивті білім берудің оқу бағдарламасын әзірлеу өте маңызды [9].

Қазақстандағы инклюзивті білім беру саласында бірқатар зерттеу жұмыстары мемлекетіміздің білім беру саясатындағы күрделіліктер мен өзгерістерден басқа, жетістіктерін бағалауға бағытталған. Осы зерттеулердің бірінде Қазақстандағы инклюзивті білім беру қалыптасу сатысында екендігі айтылады [10], және инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда психологиялық және педагогикалық қиындықтарды шешу үшін мүдделі тараптарды тартуға байланысты нақты мәселелерді шешудің маңыздылығын көрсетеді [11]. Ал үкімет, мектептер және азаматтық қоғам ұйымдары арасындағы тығыз ынтымақтастық еліміздің инклюзивті білім беруді ілгерілетуде негізгі агенттер ретінде қызмет етеді [12]. Осы орайда, үкімет мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудегі басымдылығы ерекше құрылым және ол инклюзивті білім беруде сапалы білім беру мен кәсіби дайындықты қамтамасыз ету құралы ретінде қарастырылады [2].

Жоғарыда келтірілген әдебиеттік шолуды қорытындылай келе, Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру жүйесі жинақталған тәжірибе мен қалыптасқан модельдерге қарамастан, жоғары және орта білім беруде инновациялық әдістерді жеткіліксіз пайдалану, сондай-ақ ресурстардың тапшылығы, инклюзивті тәжірибенің аздығы сияқты мәселелердің бар екендігін, бұл мәселелерді шешу мұғалімдерді кәсіби даярлауды және инклюзивті білім берудің тиімді оқу бағдарламаларын әзірлеуді қоса алғанда, жүйелі тәсілді талап ететіндігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелерін талқылау.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің ЕББҚ (ерекше білім беру қажеттіліктері) бар оқушылармен жұмыс істеу тәжірибесі бойынша 67 (63,8%) мұғалім шамалы, яғни көп емес тәжірибесі бар екендігін, 23 (21,9%) мұғалім тәжірибесі жоқ екендігін, ал 15

(14,3%) мұғалім көпжылдық тәжірибесі бар екендігін көрсетті.

Зерттеуге қатысқан респонденттер қазіргі уақыттағы Қазақстандағы биологиялық білім берудегі инклюзивтілік деңгейін келесідей бағалады:

- Өте төмен – 4 (3,8%);
- Төмен – 8 (7,6%);
- Орташа – 63 (60%);
- Жоғары – 28 (26,7%);
- Өте жоғары – 2 (1,9%).

Зерттеуге қатысқан респонденттердің бағалауына сүйене отырып, қазіргі Қазақстандағы биологиялық білім берудегі инклюзивтілік деңгейін қабылдаудың әртүрлілігі туралы қорытынды жасауға болады. Респонденттердің жартысынан көбі (60%) ағымдағы инклюзивтілік деңгейін орташа деп сипаттайды. Инклюзивтіліктің жоғары (26,7%) және өте жоғары (1,9%) деңгейлері де байқалады, дегенмен "өте төмен" (3,8%) және "төмен" (7,6%) бағалары да бар.

Бұл нәтижелер респонденттердің биологиялық білім берудегі инклюзивтілікке қатысты қабылдауы мен тәжірибесінің әртүрлілігін көрсетеді, бұл білім беру мекемелеріндегі тәжірибелер мен ресурстардағы айырмашылықтарға байланысты болуы мүмкін. Инклюзивтіліктің орташа деңгейін бағалау инклюзивті тәсілдерді дамытуда және барлық оқушылардың білім беру процесіне тең қатысуы үшін жағдай жасауда одан әрі күш салу қажеттілігін көрсетеді. Алынған деректер Қазақстандағы білім берудегі инклюзивтілікті жақсарту жөніндегі шараларды талқылау және іске асыру үшін базаны ұсынады.

Сауалнаманың екінші сұрағы респонденттерге биологияны инклюзивті оқыту барысында байқаған оң өзгерістерді анықтау туралы сұрау салды. Сауалнама нәтижелері респонденттер бөлген келесі оң өзгерістерді көрсетеді:

- Оқушылардың өзін-өзі бағалауы және сенімділігі артты – 48 (45,7%);

- Әлеуметтік дағдылары дамып, сыртқы әлеммен өзара әрекеттесуі жақсарды – 38 (36,2%);

- Биологияны оқу үдерісіне қызығушылығы артты – 49 (46,7%);

- Ешқандай өзгеріс байқалмады – 7 (6,7%).

Бұл деректер инклюзивті білім берудің оқушыларға, соның ішінде олардың жеке дамуының әртүрлі аспектілеріне оң әсер етудегі маңыздылығын көрсетеді. Респонденттердің көпшілігі оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен сенімділігінің артуын, әлеуметтік дағдылардың дамуын, сыртқы әлеммен өзара әрекеттесудің жақсарғанын, сондай-ақ биологияны оқуға деген қызығушылықтың артқанын көрсетті. Бұл нәтижелер инклюзивті білім берудің оқу процесінің жалпы дамуы мен табыстылығы үшін маңызды көрсеткіш.

Зерттеу жұмысымыздың келесі сұрағы инклюзивті ортада жалпы білім беру ұйымдарында биологияны оқыту саласында мектеп әкімшілігі тарапынан көрсетілетін қолдаудың негізгі мүмкіндіктері мен түрлерін анықтауға бағытталды. Жалпы сауалнамаға қатысқан респонденттердің жауаптарын талқылау барысында мектепте инклюзивті биологиялық білім беруді жүзеге асыруға қолдау көрсетудің келесі нысандары атап өтілді:

- Әрбір оқушының ерекшеліктерін ескеретін дербес оқу жоспарларын жасау – 36 (34,3%);

- Психолог-дефектолог мамандармен бірлескен жұмыс – 39 (37,1%);

- Кабинеттің ерекше білімді қажет ететін оқушыларға лайықты жабдықталуы (29,5%);

- Арнайы оқу материалдарын ұсыну (бейімделген оқулықтар, мультимедиялық ресурстар, техникалық қолдау және т.б.) – 33 (31,4%);

- Бағалауда дифференциалды тәсілді қолдану – 7 (6,7%);

- Барлық оқушылар үшін зертханалық жабдықтардың болуы – 5 (4,8%);

- Мектепте биология пәні үшін инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалмаған – 22 (21%).

Бұл қолдау түрлері инклюзивті биологиялық білім беруді табысты жүзеге асырудың маңызды құрамдас бөліктері болып табылады, оқу жағдайында әрбір оқушының максималды дамуына жағдай жасайды. Зерттеуге қатысқан респонденттердің жауаптарын талдау негізінде инклюзивті биологиялық білім беру саласындағы мектеп әкімшілігі көрсететін қолдау нысандарының әртүрлілігі туралы қорытынды жасауға болады. Жеке оқу жоспарларын әзірлеу, психолог-дефектологтармен бірлесіп жұмыс істеу, кабинетті лайықты жарақтандыру, арнайы оқу материалдарын ұсыну және бағалауда сараланған тәсілді қолдану қолдаудың негізгі нысандары болып табылады.

Бір қызығы, респонденттердің тек 21% - ы өз мектептерінде биология бойынша инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалмағанын атап өтті. Бұл білім беру мекемелеріндегі инклюзивті ортаны жақсарту үшін одан әрі талқылау мен стратегияларды әзірлеудің маңыздылығын көрсетеді. Алынған мәліметтер мектептерде инклюзивті биологиялық білім беруді қолдау мен дамытудың тиімді бағдарламаларын қалыптастыру үшін құнды ақпарат береді.

Сауалнаманың төртінші сұрағы инклюзивті ортада биологиялық білім беру үшін тиімді оқыту стратегияларын анықтауға бағытталды, нәтижесінде респонденттердің ұсынған нұсқаларына сәйкес, келесідей жауаптар алынды:

- Жеке және топтық жұмыстар – 46 (43,8%);

- Көрнекі материалдар мен технологияларды пайдалану – 56 (53,3%);

- өзара білім алмасу арқылы ұжымдық оқыту – 22 (21%);

- Саралап оқыту тапсырмалары және бағалау әдістері – 25 (23,8%);

- Интерактивті оқу ойындары мен симуляциялар - 22 (21%);

- ЕББҚ ететін оқушыларды ғылыми-зерттеу жобаларына қатыстыру – 11 (10,5%);

- тәжірибелік зертханалық жұмыстарды оқу үдерісіне кіріктіру – 17 (16,2%);

- дәстүрлі оқыту жүйесі – 7 (6,7%).

Бұл зерттеудің нәтижелерін талдауда ең алдымен, көрнекі материалдар мен технологияларды қолдану респонденттер арасында 53,3% құрап, жоғары қолдауға ие болғанын атап өткен жөн. Бұл барлық оқушылар үшін материалдың қолжетімділігін арттыру үшін оқу үдерісіне заманауи білім беру технологиялары мен көрнекі құралдарды енгізу қажеттілігін көрсетеді.

Жеке және топтық жұмыстар да назар аударарлық, 43,8% қолдау. Бұл нәтиже оқуға жекелендірілген тәсілдің, сондай-ақ оқушылар арасындағы ынтымақтастық пен өзара әрекеттестіктің маңыздылығын көрсетеді. Сондай-ақ, интерактивті оқыту, саралап оқыту және ұжымдық оқыту (22-25%) салыстырмалы түрде шамалас нәтиже көрсетті. Бұл өз кезегінде, респондент мұғалімдердің оқушылардың дербес қабілеттерін ескере отырып, интерактивті оқытуды қолдайтындығын білдіреді. Дегенмен, кейбір инновациялық әдістерді қолдауға қарамастан, дәстүрлі білім беру жүйесінің инклюзивті тәжірибеде бар болғанын (6,7%) және әлі де болса қолданыста екендігін атап өткен жөн. Бұл инклюзивті білім беру ортасын құру үшін заманауи педагогикалық тәсілдерді қарастыру және енгізу қажеттілігін көрсетеді.

ЕББҚ ететін оқушыларды ғылыми-зерттеу жобаларына қатыстыру (10,5%) нәтижесі Қазақстан мектептерінде инклюзивті биологиялық білім беру контекстінде бұл стратегияның салыстырмалы түрде төмен қолдауын көрсетеді. Бұл оқушының дербестігін дамытудың маңызды құралы бола алатынымен, оның төмен деңгейде қабылдануы әртүрлі факторларға байланысты

болуы мүмкін. Олардың қатарында, мұғалімдер мен оқушыларға инклюзивті жағдайда мұндай жобаларды сәтті жүзеге асыру үшін қосымша қолдау мен ресурстар қажеттілігі және т.б. өзге де өзекті мәселелер болуы мүмкін.

Сауалнамадағы бесінші сұрақ білікті биология пәні мұғалімдерінің биологиялық инклюзивті білім беруді ЕББҚ ететін балалармен жұмыс жасауда қолданатын заманауи технологиялар мен әдістер бойынша жүргізілді. Сауалнама бойынша респонденттер келесідей нұсқаларды ұсынды:

- Виртуалды зертханалар – 24 (22,9%);

- интерактивті бағдарламалар мен қосымшалар – 38 (36,2%);

- Бейімделген оқу құралдары – 24 (22,9%);

- Материалдарға қол жеткізу үшін бұлттық ресурстарды пайдалану – 19 (18,1%);

- егжей-тегжейлі сипаттамасы бар аудио және бейне материалдарды пайдалану – 31 (29,5%);

- Көмекші технологияларды пайдалану (мысалы, сенсорлық құрылғылар) – 29 (27,6%).

Биология пәні мұғалімдерінің биологиялық инклюзивті білім беруге басымдық беретін балалармен жұмыс жасауда қолданатын заманауи технологиялары мен әдістеріне арналған сауалнаманың бесінші сұрағының нәтижелері бойынша Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептерінде биологияны инклюзивті білім беру үшін оқытудың интерактивті бағдарламалары мен әдістеріне айтарлықтай қолдау көрсетілетіндігі анықталды, бұл көрсеткіш 36,2% құрайды. Бұл биологиялық білім беруді мұғалімдердің тартымды және қолжетімді ететін заманауи технологиялардың белсенді түрде қолданатындығын көрсетеді.

Виртуалды зертханалар да өте танымал (22,9%). Бұл виртуалды ортада эксперименттер мен зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін виртуалды құралдар арқылы оқушылардың білім беру тәжірибесін байытуға деген ұмтылысты көрсетеді. Сауалнамада виртуалды зертханаларды пайдаланушы респонденттер

BioMan Biology Labs, PhET Interactive Simulation, Biorender сияқты бағдарламалардың тиімді екендігі туралы қосымша ақпарат берген болатын.

Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептерде биология пәнін оқытуда сенсорлық құрылғылар сияқты көмекші технологияларды пайдалану 27,6% қолдауға ие. Бұларға мысал ретінде сенсорлы интерактивті тақталар мен сенсорлы планшеттер сияқты құрылғыларды жатқызуға болады. Бұл оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерін және әрбір жеке тұлғаның қажеттіліктеріне бейімделетін білім беру ортасын құруға ұмтылуын ескерудің маңыздылығын көрсетеді.

Аудио және бейнематериалдарды пайдалану да айтарлықтай қолдауға ие болды (29,5%), бұл материалды түсінуге ықпал етудегі мультимедиа тиімділігінің мойындалғанын көрсетеді. Сондай-ақ, бейімделген оқу құралдарын пайдалану (22,9%) респонденттердің инклюзивті білім беруде оқушының жеке қабілеттерін басшылыққа ала отырып жасалған бейімделген оқу бағдарламасы негізінде жұмыс жасайтындығын көрсетеді.

Инклюзивті биология бойынша білім беруде бұлтты ресурстарды пайдалану оқу материалдарының қолжетімділігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар сабақты ұйымдастыру мен оқушылар арасындағы ынтымақтастықтың икемділігін қамтамасыз етеді. Бұл технология инклюзивті ортада оқушылардың әртүрлі қажеттіліктері мен оқу мәнерлеріне сәйкес материалдарды бейімдеуге мүмкіндік беретін жекелендірілген оқытуға ықпал етеді.

Жалпы алғанда, нәтижелер инклюзивті биологиялық білім беру жағдайында заманауи технологияларды пайдалануға оң көзқарасты көрсетеді. Бұл тұжырымдар Қазақстан мектептерінде биология бойынша білім берудің инклюзивтілігі мен тиімділігін күшейту үшін стратегияларды әзірлеу және

педагогикалық тәжірибені жаңарту үшін негіз бола алады

Сауалнамадағыалтыншы сұрақ мектептегі инклюзивті биологиялық білім беруді жүзеге асырудағы негізгі кедергілер туралы ақпарат алу үшін берілді. Берілген нәтижелер мынадай кедергілерді сипаттады:

- арнайы оқу материалдарының жетіспеушілігі – 54 (51,4%);
- арнайы оқу бағдарламаларын дайындау – 39 (37,1%);
- Әкімшілік тарапынан жеткіліксіз қолдау – 11 (10,5%);
- инклюзивті білім беру саласында мұғалімдердің кәсіби біліктілігінің жоқтығы – 19 (18,1%);
- ЕББҚ бар оқушылардың ата-аналарымен ынтымақтастықты ұйымдас-тырудағы қиындықтар – 24 (22,9%);
- Оқу материалдарын әртүрлі оқушыларға бейімдеу мәселелері – 13 (12,4%);
- Басқа себептер – 3 (2,9 %).

Мектептерде инклюзивті биологиялық білім беруді енгізудегі кедергілерді анықтауға бағытталған сауалнаманың алтыншы сұрағы нәтижелерінің қорытындылары білім беру жүйесін жетілдіру бойынша одан әрі күш-жігерге маңызды түсінік береді. Респонденттердің айтарлықтай бөлігі (51,4%) негізгі кедергі ретінде лайықты оқу материалдарының жоқтығын атап көрсетеді. Ал сауалнамаға қатысушы мұғалімдердің 37,1%-ы мамандандырылған білім беру бағдарламаларын құру қажеттілігін атап көрсетеді.

Әкімшілік қамтамасыз ету саласындағы проблемалардың болуы (10,5%) мектеп әкімшілігінің инклюзивті тәжірибені біріктіруге және қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге белсенді қатысу қажеттілігін көрсетеді. Инклюзивті білім беру саласындағы мұғалімдердің кәсіби біліктілігінің жоқтығы (18,1%) респондент мұғалімдердің біліктілігінің жеткіліксіздігі немесе жас маман

ретіндегі өтілінің аз болуымен де байланысты болуы мүмкін.

Ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың ата-аналарымен ынтымақтастықты ұйымдастырудағы қиындықтар 22,9% респонденттің жауабында көрсетілді, бұл мәселе инклюзивті үдерістерге ЕББҚ бар оқушылардың отбасын белсенді тарту қажеттілігін көрсетеді.

Инклюзивті биологиялық білім беруді жүйелі жүзеге асыру үшін тағы бір кедергі оқу материалдарын әртүрлі оқушыларға бейімдеудегі мәселелері (12,4%). Бұл респонденттердің шағын бөлігі (2,9%) басқа себептер ретінде көрсеткен мәселелерге ұқсас келеді. Басқа себептерге келесідей 3 түрлі жауап берілді:

- Бала саны тым көп, сондықтан инклюзивті баламен жұмыс жасауға уақыт жоқ;

- Әр деңгейдегі оқушылардың жеке жеке тапсырмаларды жасау көптеген ізденісті талап етеді;

- Инклюзивті балалар жалпы білім беретін мектепте емес, арнайы мамандандырылған оқу орталықтарында оқығаны дұрыс.

Осылайша, инклюзивті білім беру үшін кейбір респонденттер шамадан тыс жүктеме, тапсырмаларды жекелендірудегі қиындықтар және инклюзивті оқытудың мамандандырылған орталықтарын ұсыну сияқты басқа да себептерді атады.

Қорытынды. Бұл зерттеуде авторлар Қазақстанның жалпы білім беретін мектептеріндегі биологиялық инклюзивті білім берудің қазіргі жағдайы мен даму тенденцияларын жан-жақты қарастырып, негізгі қиындықтарын анықтады. Сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, авторлар Қазақстан мектептеріндегі биологиялық инклюзивті білім берудің қазіргі деңгейін орташа деп болжайды. Бұл бағалау, өз кезегінде, мектептерді материалдық-әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігімен, мұғалімдердің кәсіби біліктілігінің төмендігімен, арнайы оқу материалдарына қолжетімділіктің шекте-луімен және мектеп

пен ата-ананың өзара ынтымақтастығының төмен деңгейімен түсіндіріледі.

Талдау нәтижелері сауалнамаға қатысқан респонденттердің көрнекі материалдардың жоғары қолдауын және инклюзивті биология білім беруде оқушылардың дербес ерекшеліктеріне байланысты жеке жұмыстың маңыздылығын көрсетті. Интерактивті оқыту әдістері айтарлықтай қолдауға ие болса, ЕББҚ бар оқушылардың ғылыми жобаларға қатысуы салыстырмалы түрде төмен бағаланды. Тұтастай алғанда, қорытындылар мектептегі биология пәнін табысты енгізу үшін заманауи технологиялар мен жеке оқыту тәсілдерін дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Қазақстан мектептерінде инклюзивті биологиялық білім беруді зерттеу барысында анықталған мәселелерді шешу кешенді және жүйелі тәсілді қажет етеді. Осы орайда, авторлар төмендегі ұсыныстарды ұсынады:

1. Оқу материалдарын әртүрлі оқушыларға бейімдеу әдістерін әзірлеу. Жеке қажеттіліктерге сәйкес материалдарды тігудің икемді тәсілдерін енгізу;

2. Білім алушылардың қажеттіліктерінің алуан түрлілігін ескеретін және олардың барлығына қолжетімділігін қамтамасыз ететін инклюзивті білім беру бағдарламаларын құру және енгізу;

3. Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша мұғалімдерге арналған тренингтер, семинарлар және курстар ұйымдастыру арқылы мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру. Мұғалімдерге заманауи әдістер мен технологияларды меңгеруде қолдау көрсету.

4. Мектеп әкімшілігін инклюзивті тәжірибені әзірлеуге және енгізуге тарту. Қажетті ресурстарды бөлу және инклюзивті бағдарламаларды сәтті жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

5. Мектеп пен ата-ананың белсенді өзара әрекеттесуі үшін алаңдар мен іс-шараларды құру. Ата-аналарды балаларының білім алу жолын қолдау үшін ақпаратпен және ресурстармен қамтамасыз ету.

6. Инклюзивті білім беру саласында мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша оқу бағдарламалары мен курстарын өткізу. Шел елдік озық инклюзивті оқыту тәжірибелерін зерртеп, тәжірибе алмасу және озық тәжірибені енгізу тетіктерін құру.

7. Тәжірибе мен ресурстармен алмасу үшін мектептер мен инклюзивті білім берудің мамандандырылған орталықтары арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу.

Зерттеу нәтижелері шеңберінде авторлар Қазақстанда инклюзивті биологиялық білім берудің даму деңгейі жақсы қарқынмен жүріп жатқандығын атап көрсетеді, бұл оң

динамиканы көрсетеді. Олар сондай-ақ елдегі инклюзивті саясатты қолдаудың маңыздылығына назар аударады. Авторлар барлық білім алушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және саналы, дені сау болашақ азаматтардан тұратын бәсекеге қабілетті қоғам қалыптастыру мақсатында осы саланың перспективалары мен проблемаларына назар аудара отырып, мүдделі тараптарды инклюзивті білім беруді жоғары деңгейде дамытуға шақырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. 2021 жылғы 1 қыркүйек Кіру режимі: <https://www.akorda.kz/ru/poslanieglavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazhastana-183048>. Каралған күні: 27.12.23
2. Zholtayeva, G. et al. Inclusive Education in Kazakhstan: selected issues // CBU International Conference Proceedings, ISE Research Institute, 2013. Vol. 1.P. 196-204. – DOI: 10.12955/cbup.v1.34.
3. Турлубекова, М.Б. Инклюзивное образование в Казахстане: анализ процесса организации и возможности дальнейшего его развития [Текст] / М. Б. Турлубекова, Р.О. Бугубаева // Central Asian Economic Review, 2021. Vol. 3, No. 89. P. 109. <https://doi.org/10.52821/2224-5561-2021-3-89-109>
4. Абдина, А.К. Философия независимой жизни: состояние инклюзивного образования в Казахстане (обзорный анализ современных исследований) [Текст] А.К. Абдина, А.А. Уыбаева, М.Б. Жанарстанова // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т.142. – №1. – С. 135-157. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-135-157>
5. Нурғалиева С., Зейнолла С., Нурғалиева А. К вопросу о повышении качества инклюзивного образования в Казахстане // European Research. – 2017. – №2. – С. 75-77.
6. Чукотаев, М. Н. Инклюзивное образование в Казахстане: проблемы и перспективы [Текст] / М.Н. Чукотаев, Е.М. Нурғазина // Академия профессионального образования. – 2017. – №1. – С. 31 – 38.
7. Allan J., Omarova T. Disability and inclusion in Kazakhstan // Disability & Society, 2021. Vol. 37.P. 1067-1084. <https://doi.org/10.1080/09687599.2020.1867073>
8. Agavelyan R.O., Aubakirova S.D., Zhomartova A.D., Burdina E.I. Teachers' Attitudes towards Inclusive Education in Kazakhstan // Integratsiya obrazovaniya = Integration of Education, 2020. Vol. 24, No. 1.P. 8-19. DOI: <https://doi.org/10.15507/1991-9468.098.024.202001.008-019>
9. А.Мақұлбек. Қазақстандағы инклюзивті білім беру – мектепке дейінгі ұйымдар: элеуметтанулық талдау. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы, 142(1), 460–472. doi:10.32523/2616-6895-2023-142-1-460-472
10. Gabdrakhmanova, S., Turetayeva, G., & Doszhanova, S. Perspectives and Problems of Inclusion Education in Kazakhstan during Covid 19 // International Journal of Special Education and Information Technologies, 2020. Vol. 6, No. 1. P. 29–36. <https://doi.org/10.18844/jeset.v6i1.5478>
11. Namazbaeva, Zh., Kalymova, A.. Public awareness of personality - basis for successful implementation of inclusive education in Kazakhstan // Methodology and theory of pedagogy and psychology, 2020. Vol. 42, No.1. P. 5-12. <https://doi.org/10.51889/2020-1.2077-6861.01>
12. Rollan, K., Somerton M. "Inclusive Education Reform in Kazakhstan: Civil Society Activism from The Bottom-up" // International journal of inclusive education, 2019. Vol. 25. P. 1109-1124. <https://doi.org/10.1080/13603116.2019.1599451>

Мақала редакцияға түскен күні: 10.02.2024

С.Б. Ерханова, Д.М. Атқан, Б.Б. Нурумова, Г.А. Тусупбекова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Оценка инклюзивного биологического образования в общеобразовательных школах Казахстана

В данной статье рассматриваются современное состояние и тенденции развития инклюзивного биологического образования в общеобразовательных школах Казахстана, а также актуальные проблемы. Цель работы заключается в проанализировании программ, методов и подходов, успешно реализуемых в инклюзивном биологическом образовании, выявлении факторов, способствующих успешному внедрению в процесс инклюзивного образования, и выявлении недостатков, препятствующих его внедрению. Поскольку Казахстан стремится привести свой образовательный опыт в соответствие с глобальными стандартами, тщательная оценка инклюзивного биологического образования важна не только для своевременности, но и для создания более справедливой и доступной среды обучения. Поэтому предлагаемая исследовательская работа направлена на определение текущего состояния инклюзивного биологического образования в общеобразовательных школах, выявление его достижений и недостатков, требующих улучшения. Для проведения исследовательской работы были опрошены 105 учителей биологии, работающих в разных регионах Казахстана. Полученные результаты подтверждают важность инклюзивного биологического образования, а также подчеркивают необходимость разработки современных технологий и индивидуальных подходов к обучению для успешного внедрения биологии в школе и совершенствования методико – материальных ресурсов в этой области. Исследование является ценным в расширении теоретического понимания инклюзивного биологического образования в общеобразовательных школах Казахстана и совершенствовании образовательных подходов, тем самым предлагая практические рекомендации по развитию практики инклюзивного образования и содействию профессиональному росту учителей.

Ключевые слова: общеобразовательная школа, инклюзия, инклюзивное образование, оценка, тенденции, инновационные методы.

S.B. Yer Khanova, D.M. Atkan, B.B. Nurumova, G.A. Tussupbekova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Evaluation of Inclusive Biological Education in General Education Schools of Kazakhstan

This article discusses the current state and trends in the development of inclusive biological education in general education schools in Kazakhstan, as well as topical issues. The purpose of the work is to analyze programs, methods and approaches successfully implemented in inclusive biological education, identify factors contributing to successful implementation in the process of inclusive education, and identify shortcomings that hinder its implementation. As Kazakhstan strives to bring its educational experience in line with global standards, a thorough assessment of inclusive biological education is important not only for timeliness, but also for creating a more equitable and accessible learning environment. Therefore, the proposed research work is aimed at determining the current state of inclusive biological education in general education schools, identifying its achievements and shortcomings that require improvement. 105 biology teachers working in different regions of Kazakhstan were interviewed for the research work. The results obtained confirm the importance of inclusive biological education, and also emphasize the need to develop modern technologies and individual approaches to learning for the successful introduction of biology in school and the improvement of methodological and material resources in this area. The research is valuable in expanding the theoretical understanding of inclusive biological education in secondary schools in Kazakhstan and improving educational approaches, thereby offering practical recommendations for the development of inclusive education practices and promoting the professional growth of teachers.

Keywords: general education school, inclusion, inclusive education, assessment, trends, innovative methods.

References

1. Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyн «Halyq birligi men juieli reformalar – eldinorkendeuinin berik negizi» atty Qazaqstan halqyna Joldaу. [Elektrondyq resurs]//Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin resmi saity. 2021 jylgy 1 qyrkuiek. URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanieglavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048> [in Kazakh]
2. Zholtayeva, G., Stambekova, A., Alipbayeva, A., Yerzhanova, G. (2013). Inclusive Education in Kazakhstan: selected issues. CBU International Conference Proceedings 1:196-204. DOI:10.12955/cbup.2013.34 [in English]
3. Turlubekova, M.B., Bugubaeva, R.O. Inkluzivnoe obrazovanie v Kazahstane: analiz prosesa organizatsii i vozmojnosti dalneishego ego razvitiya. [Inclusive education in Kazakhstan: analysis of the organizing process and the possibility of its further development]. Central Asian Economic Review. 2021;(3):89-109. <https://doi.org/10.52821/2224-5561-2021-3-89-109> [in Russian]
4. Abdina A.K., Uyzbaeva A. A., Zhanarstanova M. B. Filosofiya nezavisimoy zhizni: sostoyanie inklyuzivnogo obrazovaniya v Kazahstane (obzornyj analiz sovremennyh issledovaniy) [Inclusive education in Kazakhstan: analysis of the organizing process and the possibility of its further development] // Vestnik ENU im. L. Gumileva Seriya Istoricheskie nauki. Filosofiya. Religiovedenie. – 2023. – T. 142. – №1. – S. 135-157. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-135-157> [in Russian]
5. Nurgalieva S., Zejnolla S., Nurgalieva A. K voprosu o povyshenii kachestva inklyuzivnogo obrazovaniya v Kazahstane[On the issue of improving the quality of inclusive education in Kazakhstan] // European Research. – 2017. – №2. – S. 75-77. [in Russian]
6. Chukotaev M. N., Nurtazina E. M. Inklyuzivnoe obrazovanie v Kazahstane: problemy i perspektivy[Inclusive education in Kazakhstan: problems and prospects] // Akademiya professional'nogo obrazovaniya. – 2017. – №1. – S. 31 – 38 [in Russian]
7. Allan, J., Omarova, T. (2021). Disability and inclusion in Kazakhstan. Disability & Society, 37(7), 1067–1084. <https://doi.org/10.1080/09687599.2020.1867073> [in English]
8. Agavelyan, R.O., Aubakirova S.D., Zhomartova A.D., Burdina E.I. (2020). Teachers' Attitudes towards Inclusive Education in Kazakhstan. Integratsiya obrazovaniya = Integration of Education, 24(1), 8-19. DOI: <https://doi.org/10.15507/1991-9468.098.024.202001.008-019> [in English]
9. Maqulbek, A. (2023). Qazaqstandagy inkluzivti bilim beru–mektepkе deingi uymdar: aleumettanulyq taldaу [Inclusive education in Kazakhstan -preschool organizations: sociological analysis]. L.N. Gumilev atyndagy Eurazia ul'tyq universitetinin habarshysy. Pedagogika. Psihologiya. Sosiologia seriasy, 142(1), 460–472. doi:10.32523/2616-6895-2023-142-1-460-472 [in Kazakh]
10. Gabdrakhmanova, S., Turetayeva, G., Doszhanova, S. (2020) Perspectives and Problems of Inclusion Education in Kazakhstan during Covid 19. International Journal of Special Education and Information Technologies, 6(1), 29–36. <https://doi.org/10.18844/jeset.v6i1.5478> [in English]
11. Namazbaeva, Zh., Kalymova, A. (2020). Public awareness of personality - basis for successful implementation of inclusive education in Kazakhstan. Methodology and theory of pedagogy and psychology, 42(1), 5-12. <https://doi.org/10.51889/2020-1.2077-6861.01> [in English]
12. Rollan, K., Somerton, M. (2019) "Inclusive Education Reform in Kazakhstan: Civil Society Activism from The Bottom-up". International journal of inclusive education, vol. 25, pp. 1109-1124. <https://doi.org/10.1080/13603116.2019.1599451> [in English]

Мақалаға сілтеме:

Ерханова, С.Б. Қазақстанның жалпы білім беретін мектептеріндегі инклюзивті биологиялық білім беруді бағалау [Мәтін] / С.Б. Ерханова, Д.М. Атқан, Б.Б. Нұрұмова, Г.А. Тусунбекова // Dulary University Хабаршысы. – 2024. – №1. – Б. 70-80. <https://doi.org/10.55956/XEFS5742>